

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

"Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ
Басқармасының
2002 жылдың 28 қарашасындағы № 127/1
шешімімен
Б е к і т і л г е н

Облигациялардың кірістілігін және облигациялармен жасалған мәмілелердің сомасын есептеу **Ә Д І С Т Е М Е С І**

Алматы қ.
2002

ТҮЗЕТУЛЕР ПАРАҒЫ

1. № 1 өзгерту мен толықтырулар:

- "Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ Басқармасының 2003 жылдың 11 наурызындағы № 30/1 шешімімен бекітілген;
- 2003 жылдың 11 наурызынан бастап қолданысқа енгізілді.

2. "Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесінің шешімімен (2004 жылдың 15 қаңтарындағы №1(з) хаттама) биржаның барлық ішкі құжаттарында ""Қазақстан қор биржасы" жабық акционерлік қоғамы" деген сөздері ""Қазақстан қор биржасы" акционерлік қоғамы" деген сөздерге тиісті септіктерде ауыстырылды және ""Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ" қысқартылған атауы ""Қазақстан қор биржасы" АҚ" деп ауыстырылды.

3. № 2 толықтырулар мен өзгертулер:

- "Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ Басқармасының 2005 жылдың 05 қаңтарындағы № 2/0 шешімімен бекітілген;
- 2005 жылдың 01 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілді.

4. № 3 өзгертулер:

- "Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ Басқармасының 2008 жылдың 25 қаңтарындағы № 13/1 шешімімен бекітілген;
- 2008 жылдың 28 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілді.

Осы Әдістеме "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа) қажеттілігі үшін облигациялардың кірістілігі және облигациялармен жасалған мәмілелердің сомалары сияқты параметрлерді есептеудің біркелкі тәртібін белгілеу мақсатында әзірленген [\(осы абзац Биржалық кеңестің 2004 жылдың 15 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген\)](#).

1 Тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Әдістеменің мақсаттары үшін облигация деп Биржада айналысқа жіберілген кез келген бағалы қағаздарды түсіну керек (оның эмитентінің түріне қарамастан), аталған бағалы қағаздар шығарылғанда айналыста болу мерзімі алдын ала берілгені, осы бағалы қағаздың шығарылымы шарттарына сәйкес оның иесінің:
 - 1) осы бағалы қағаздың айналыста болу мерзімі аяқталғаннан кейін оның эмитентінен аталған бағалы қағаздың номиналды құнын ақшалай алу;
 - 2) осы бағалы қағаздың эмитентінен дисконт түрінде – аталмыш бағалы қағаздың номиналды құнымен бірге төленетін бағалы қағаздың номиналды құны мен оны орналастыру бағасы арасындағы оң айырмасы және номиналды құны шегінде - немесе купон түрінде – аталмыш бағалы қағаздың айналыста болу кезінде және/немесе оның айналыста болу мерзімі аяқталғанда номиналды құнынан үстем мерзімдік (бір немесе бірнеше рет) төлеуге жататын сыйақы алу (алып тұру) құқығын растайды.
2. Ережелерде қолданылған ұғымдар келесіні білдіреді:
 - 1) **"уақыттық база"** – облигациялардың кірістілігін және облигациялармен жасалған мәмілелер сомасын есептік жыл, есептік ай немесе өзге де мерзім ұзақтылығына қарай есептеуде қолданылатын, қандай да бір даталар арасындағы күндер санын анықтау шарты;
 - 2) **"облигацияның кірістілігі"** – сатып алушыға облигацияны өтегенде (айналыста болу мерзімі аяқталғанда) сыйақы ретінде алынған сомаларды қайта инвестициялау мүмкіншілігін есепке алмай, облигация бойынша күтілетін кірістілік көрсеткіші; жылдық пайызбен көрсетіледі;
 - 3) **"болжамды кірістілік"** – осы облигацияның айналыста болу мерзімінде қолданылатын, есептеулер жасаған сәтте белгілі болатын параметрлерін ескеріп, осы параметрлердің мәнін, есептелінетін құбылмалы купонды облигацияның кірістілігі;
 - 4) **"индекстелінген номиналды құны"** – қандай да бір көрсеткішке индекстелінген облигацияның номиналды құны;
 - 5) **"купондық кезең"** – купондық облигация бойынша бір купон төленетін кезең;
 - 6) **"дисконттық облигация"** – номиналды құнынан төмен бағамен орналастырылатын облигация және осы облигацияның иесіне аталмыш облигациясының айналыста болу мерзімі аяқталғаннан кейін оның номиналды құнын алуға құқығын растайды; осындай облигацияның сыйақысы дисконт болып табылады – облигацияның номиналды құны мен орналастыру бағасы арасындағы оң айырмасы;
 - 7) **"индекстелінген облигация"** – облигацияның шығарылым шарттары бойынша номиналды құны және/немесе оның сыйақысы қандай да бір көрсеткіштің (қандай да бір көрсеткіштің индексациясының) өзгеруіне қарай өзгеруге жататын облигация;
 - 8) **"купондық облигация"** – облигацияның белгіленген айналыста болу мерзімі аяқталғаннан кейін иесіне осы облигацияның номиналды құнын, сонымен бірге купон (купондар) күйіндегі сыйақысын алу құқығын растайтын облигация;
 - 9) **"құбылмалы купонды облигация"** – шығарылым шарттарына сәйкес купонның мөлшерлемесі айналыста болу мерзімінде өзгертін, бастапқы кезде тек купондық кезеңдердің шектелген санына белгіленіп, ал қалған купондық кезеңдерге қатысты белгісіз болатын индекстелінген купондық облигациясы;
 - 10) **"есептік жыл"** – күнмен есептелінетін, шамамен бір жылға тең және облигацияның кірістілігін есептеуде қолданылатын, шартты кезең; 12 есептік айға бөлінеді;

- 11) **"есептік күн"** – есептік жылдың бір күні;
 - 12) **"есептік ай"** – есептік жылдың бір айы;
 - 13) **"АҚШ долларының орта өлшенген бағамы"** – Биржаның негізгі (таңертеңгі) сауда-саттық сессиясында АҚШ долларымен жасалған, сауда-саттық күнінде есептескен, барлық мәмілелердің орта өлшенген бағасы, осы Әдістеменің 5 тармағында көрсетілген ерекшеліктерден басқа.
 - 14) **"сауда-саттық жүйесі"** – Биржада айналысқа жіберілген қаржы құралдарымен мәмілелер жасауға арналған Биржаның бағдарламалық-техникалық кешеніф;
 - 15) **"таза емес" баға** – жинақталған (есептелінген, бірақ төленбеген) сыйақысы қосылған купондық облигацияның бағасы;
 - 16) **"таза" баға** – жинақталған (есептелінген, бірақ төленбеген) сыйақысы қосылмаған, купондық облигацияның бағасы.
3. Облигацияның кірістілік параметрі:
 - 1) облигациялардың саудасы жүзеге асырылатын, сондай-ақ сауда-саттық жүйесі бапталатын, (облигацияның номиналды құнына қатынасты пайызбен көрсетілетін бағамен қатар) бағалық критерийлердің бірі;
 - 2) қор индекстерінің (қор нарығының индикаторының) бірі есептелінетін көрсеткіші ретінде;
 - 3) Биржаның ішкі құжаттарымен қарастырылған өзге де жағдайларда қолданылады.
 4. Облигациялармен жасалған мәмілелер сомасының параметрі облигациялармен жасалған мәмілелер бойынша есептесулерді жүзеге асыру үшін қолданылады.
 5. Биржаның негізгі (таңертеңгі) сауда-саттық сессиясында есептесуі АҚШ долларымен сауда-саттық күні жүзеге асатын мәмілелер жасалмаса, оның орта өлшенген бағамы ретінде осы Әдістеменің 2 тармағы 13) тармақшасына сәйкес анықталған АҚШ долларының орта өлшенген бағамы қолданылады, мынадай ерекшеліктермен: егер Биржаның АҚШ доллары бойынша банк-корреспонденттері қандай да бір себептермен сауда-саттық күні АҚШ долларымен есептесулерді жасамаса, онда АҚШ долларының орта өлшенген бағамы ретінде АҚШ доллары бойынша өткізілген Биржаның негізгі (таңертеңгі) сессиясында АҚШ долларымен жасалған барлық мәмілелердің орта өлшенген бағасы қолданылады, ал есептесу күні деп $T+n$ алынады, мұнда T – АҚШ доллары бойынша өткізілген Биржа сауда-саттығының күні, n – Биржаның АҚШ доллары бойынша банк-корреспонденттердің АҚШ долларымен есептесу үзілісінің ұзақтылығы (күнмен).

2 Тарау. ОБЛИГАЦИЯЛАРДЫҢ КІРІСТІЛІГІН ЕСЕПТЕУ

6. Дисконттық облигацияның кірістілігін есептеу, осы облигациялардың шығарылымы шарттарымен белгіленген немесе осы Әдістеменің 5 тарауына сәйкес, уақыттық база негізінде, келесі формула бойынша есептелінеді:

$$Y = \frac{100 - P_i}{P_i} \times \frac{T_0}{T_n} \times 100\% , \text{ мұнда}$$

- Y – облигацияның кірістілігі, жылдық пайызбен;
- P_i – облигацияның пайыздық көрсеткішпен номиналды құнына қатынасты облигацияның бағасы;
- T_0 – есептік жылдың ұзақтылығы, күнмен;
- T_n – облигациямен жасалған мәмілені орындаудың белгіленген датасы мен облигацияны өтеу (айналыста болу мерзімінің аяқталу) датасы арасындағы күндер саны.
7. Купондық облигацияның кірістілігі, осы облигациялардың шығарылымымен белгіленген

шарттарға немесе осы Әдістеменің 5 тарауына сәйкес, уақыттық база негізінде, төменде берілген "таза емес" бағасының формуласынан кері амалмен жуықтатылған есептеу әдісімен (осы Әдістеменің 5 тарауымен белгіленген ерекшеліктерден басқа) есептелінеді:

$$P = \sum_{i=1}^n \frac{K_i}{\left(1 + \frac{Y}{100m}\right)^{\frac{mT_{ki}}{T_0}}} + \frac{100}{\left(1 + \frac{Y}{100m}\right)^{\frac{mT_n}{T_0}}}, \text{ мұнда}$$

- P – облигацияның "таза емес" бағасы, осы Әдістеменің 8 тармағына сәйкес, облигацияның номиналды құнына қатысты пайызбен есептелінеді;
- i – купондық кезеңнің реттік нөмірі, ағымдағы купондық кезеңнен бастап;
- n – облигацияның айналыста болу мерзіміндегі купондық кезеңдер саны;
- Y – жылдық пайызбен облигациялардың кірістілігі;
- m – осы Әдістеменің 9 тармағына сәйкес есептелінетін базистік коэффициент;
- K_i – облигация бойынша купонның купондық кезеңге мөлшерлемесі, осы Әдістеменің 10 тармағына сәйкес есептелініп, жылдық пайызбен көрсетіледі;
- T_{ki} – облигациямен жасалған мәмілені орындаудың белгіленген датасы мен кезекті купонға төлеу датасы арасындағы күндер саны;
- T_0 – есептік жылдық ұзақтылығы, күнмен;
- T_n – облигациямен жасалған мәмілені орындаудың белгіленген датасы мен өтеу (айналыста болу мерзімінің аяқталуы) датасы арасындағы күндер саны.

8. Купондық облигацияның "таза емес" бағасы, оның "таза" бағасы және оған жинақталған сыйақысының сомасы ретінде, келесі формуламен есептелінеді:

$$P = P_c + \left(K \times \frac{T_k}{T_0}\right), \text{ мұнда}$$

- P_c – облигацияның "таза" бағасы, облигацияның номиналды құнына қатынасты пайызбен көрсетіледі;
- K – облигация бойынша есептік жылдағы купонның мөлшерлемесі, жылдық пайызбен.
- T_k – облигация бойынша соңғы купонды төлеу датасы мен оны мәмілені орындаудың белгіленген датасы арасындағы күндер саны.

9. Базистік коэффициенті m келесі формуламен есептелінеді:

$$m = \frac{T_0}{T_i}, \text{ мұнда}$$

- T_i – купондық кезеңнің ұзақтылығы, күнмен.

10. Купонның бір купондық кезеңіне мөлшерлемесі K_i келесі формуламен есептелінеді:

$$K_i = \frac{K}{m}$$

11. Құбылмалы купонды облигацияның кірістілігі, ағымдағы купондық кезеңге бекітілген купон мөлшерлемесінен болжамды ретінде есептелінеді.

3 Тарау. ОБЛИГАЦИЯЛАРМЕН ЖАСАЛҒАН МӘМІЛЕЛЕРДІҢ СОМАСЫН ЕСЕПТЕУ

12. Сауда-саттық жүйесінде облигациялардың саудасы "таза" бағасымен жүзеге асырылып, бір облигацияның номиналды құнына пайызбен көрсетіледі (осы Әдістеменің 5 тарауымен белгіленген ерекшеліктерден басқа).
13. Облигациялардың саудасы барысында олардың саны ретінде (мәміле жасасуға берілген өтінімдерде және жасалған мәмілелерде) мәміледегі облигациялар санының натуралды көрсеткішінің (бағалы қағаздармен) және әр бір осындай облигацияның номиналды құнына көбейтіндісі қолданылады.
14. Облигациялармен жасалған мәміленің сомасы келесі алгоритммен анықталады:

- 1) "таза" бағамен жасалған мәміленің көлемі, әр облигацияның "таза" бағасының және, осы Әдістеменің 13 тармағына сәйкес анықталған, мәміледегі облигациялар санына көбейтіндісі арқылы анықталады (осы Әдістеменің 15 тармағымен белгіленген ерекшеліктерді ескеріп);
- 2) мәміле заты болып табылатын облигациялар бойынша жинақталған сыйақы көлемі келесі формуламен есептелінеді:

$$I_{acc} = N \times K \times \frac{T_{k/n}}{T_0}, \text{ мұнда}$$

- I_{acc} – облигациялар бойынша жинақталған сыйақы көлемі;
- N – осы Әдістеменің 13 тармағына сәйкес анықталған, мәміледегі облигациялар саны (осы Әдістеменің 15 тармағымен белгіленген ерекшеліктерді ескеріп);
- K – есептік жылға облигациялар бойынша сыйақы (купон немесе дисконт) мөлшерлемесі, жылдық пайызбен;
- $T_{k/n}$ – облигациялар бойынша соңғы купонды төлеу датасы мен мәмілені орындаудың белгіленген датасы арасындағы күндер саны немесе мәмілені орындаудың белгіленген датасы мен облигацияны өтеу (дисконттық облигациялар үшін) датасы арасындағы күндер саны;
- T_0 – есептік жылдың ұзақтылығы.
- 3) осы тармақтың 1) тармақшасына сәйкес анықталған, "таза" бағамен жасалған мәміленің көлемі, осы тармақтың 2) тармақшасына сәйкес есептелінген, облигациялар бойынша жинақталған сыйақы мөлшеріне қосылады;
 - 4) егер облигациялар шетел валютасымен номинацияланған болса, осы тармақтың 3) тармақшасына сәйкес табылған сомасы, осы Әдістеменің 4 тарауына сәйкес, теңгемен есептеледі;
 - 5) осы тармақтың 3) тармақшасына сәйкес (осы тармақтың 4) тармақшасына сәйкес – шетел валютасымен номинацияланған облигацияларға қатысты) алынған нәтиже, математикалық дөңгелектеу ережелеріне сәйкес (беске дейінгі сандар нөлге дейін дөңгелектеніп, бес және бестен жоғары сандар онға дейін дөңгелектенеді) үтірден кейінгі екінші таңбасына дейін дөңгелектенеді.
15. Номиналды құны күнделікті белгілі мәні бар (мысалы, АҚШ долларының орта өлшенген бағамы бойынша) қандай да бір көрсеткішке индекстелетін облигациялармен жасалған мәмілелердің сомасын анықтағанда, мәміледегі облигациялардың саны натуралды мәні ретінде (бағалы қағаздармен) облигациялардың саны мен осындай бір облигацияның индекстелінген номиналды құнына көбейтіндісі қолданылады.

4 Тарау. ШЕТЕЛ ВАЛЮТАСЫМЕН НОМИНАЦИЯЛАНҒАН ОБЛИГАЦИЯЛАРМЕН ЖАСАЛҒАН МӘМІЛЕЛЕРДІҢ СОМАЛАРЫН ТЕҢГЕМЕН ЕСЕПТЕУ

16. АҚШ долларымен номинацияланған және Қазақстан Республикасынан өзге мемлекеттердің заңнамаларына сәйкес шығарылған, облигациялармен жасалған мәмілелердің сомасы АҚШ долларының орта өлшенген бағамы бойынша теңгемен есептелінеді.
17. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шығарылған және шетел валютасымен номинацияланған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары болып табылатын облигациялармен жасалған мәмілелердің сомасы, осы валютаға қатысты бухгалтерлік есептеу, кедендік және салық төлемдерін есептеу мақсаттарында бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми бағамы бойынша, теңгемен есептелінеді.
18. Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес шығарылған, шетел валютасымен номинацияланған Қазақстан Республикасы ұйымдарының мемлекеттік емес облигацияларымен жасалған мәмілелердің сомасы, осы облигациялардың шығарылымы шарттарына қарай, Биржамен белгіленген бағам бойынша, теңгемен есептелінеді.
19. АҚШ долларынан өзге шетел валютасымен номинацияланған және осы валютамен есептесуі жүргізілетін, облигациялармен жасалған мәмілелер сомасы келесі алгоритммен анықталатын бағам бойынша теңгемен есептелінеді (осы Әдістеменің 20 тармағымен белгіленген ерекшеліктерден басқа):

- 1) алматы уақытымен сағат 11.00-де Биржаның Ақпарат және талдау департаменті, REUTERS ақпараттық жүйе терминалында жарияланатын, осы валютаға АҚШ долларымен сұраныс бағамын тіркейді; егер осындай ақпарат аталған терминалда болмаса осы ақпараттың резервтік қайнар көзі ретінде Интернет-сайттарды қолданады, себебі айтылмыш Департаменттің пікірі бойынша осы сайттарда жарияланатын шетел валюталарының бағамы актуалдылығы мен растылығы жағынан сенім тудырады (*осы тармақша Биржа Басқармасының 2008 жылдың 25 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген*);
- 2) осы тармақтың 1) тармақшасына сәйкес алынған осы валютаға АҚШ долларымен сұраныс бағамы Биржаның сауда-саттық департаментіне беріліп, ол болса осы валютаның бағамын келесі формуламен есептейді (*осы абзац Биржа Басқармасының 2008 жылдың 25 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген*):

$$R_{KZT} = \bar{R} \times R_{USD}, \text{ мұнда}$$

- R_{KZT} – валютаның теңгеге шаққан бағамы;
 \bar{R} – АҚШ долларының орта өлшенген бағамы;
 R_{USD} – АҚШ долларымен осы валютаға сұраныс бағамы;

- 3) осы тармақтың 2) тармақшасына сәйкес анықталған айтылмыш валютаның теңгеге шаққан бағамы, математикалық дөңгелектеу ережелеріне сәйкес, үтірден кейінгі төртінші таңбасына дейін дөңгелектенеді.
20. Евро аймағына кіретін мемлекеттің валютасымен номинацияланған облигациялармен жасалған мәмілелер сомасы, келесі алгоритммен анықталатын, теңгеге шаққан бағамымен есептелінеді:
 - 1) осы Әдістеменің 19 бабына сәйкес белгіленген алгоритм бойынша евроның теңгеге шаққан бағамы анықталады;
 - 2) алынған евроның теңгеге шаққан бағамы осы валютаның www.euro.int Интернет-сайтында жарияланатын Еуропалық Кеңес одағында тіркелген, қолданыстағы бағамына бөлінеді;
 - 3) осы тармақтың 2) тармақшасына сәйкес алынған аталмыш валютаның теңгеге шаққан бағамы, математикалық дөңгелектеу ережелеріне сәйкес, үтірден кейін төртінші таңбасына дейін дөңгелектеніп, сауда-саттық жүйесіне енгізіледі.

5 Тарау. ҚОЛДАНЫМ ПРАКТИКАСЫ

21. Облигацияның шығарылым шарттары мен осы Әдістеменің 2 тармағына сәйкес, төменде берілген бағалы қағаздар:
- 1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік қысқа мерзімді қазынашылық міндеттемелері (МЕККАМ) – дисконттық облигациялар;
 - 2) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді ноталары – дисконттық облигациялар;
 - 3) Қазақстан Республикасының мемлекеттік орта мерзімдік қазынашылық міндеттемелері (МЕОКАМ) – купондық облигациялар;
 - 3–1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік ұзақ мерзімді қазынашылық міндеттемелері (МЕУКАМ) – купондық облигациялар *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2005 жылдың 07 қаңтарындағы шешімімен енгізілген)*;
 - 4) *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2005 жылдың 07 қаңтарындағы шешімімен алып тасталған)*;
 - 5) Қазақстан Республикасының жергілікті орындаушы органдарының бағалы қағаздары – купондық немесе купондық индекстелінген облигациялар (шығарылым шарттарына қарай);
 - 6) Қазақстан Республикасының халықаралық бағалы қағаздары – купондық облигациялар;
 - 7) Қазақстан Республикасы ұйымдарының халықаралық бағалы қағаздары – купондық облигациялар;
 - 8) халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары – купондық облигациялар;
 - 8–1) номиналды құны мен сыйақысы АҚШ долларының ресми бағамымен индекстелетін, мемлекеттік арнайы өтемақылық қазынашылық облигациялары (МАОКО) – купондық индекстелінген облигациялар *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2003 жылдың 11 наурызындағы шешімімен енгізілген)*;
 - 9) сыйақысы инфляция деңгейімен индекстеліп, ал өтеуі номиналды құны бойынша жүзеге асырылатын, Қазақстан Республикасының мемлекеттік индекстелінген қазынашылық міндеттемелері (МЕИКАМ) – купондық индекстелінген облигациялар *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2005 жылдың 07 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген)*;
 - 10) Қазақстан Республикасының мемлекеттік орта мерзімдік индекстелінген қазынашылық міндеттемелері (МОИКАМ) – купондық индекстелінген облигациялар *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2003 жылдың 11 наурызындағы шешімімен енгізілген)*;
 - 11) Қазақстан Республикасының мемлекеттік ұзақ мерзімді индекстелінген қазынашылық міндеттемелері (МУИКАМ) – купондық индекстелінген облигациялар *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2003 жылдың 11 наурызындағы шешімімен енгізілген)*;
 - 12) Қазақстан Республикасының мемлекеттік ұзақ мерзімді жинақтаушы қазынашылық міндеттемелері (МУИКАМ) – купондық индекстелінген облигациялар түріне жатады *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2003 жылдың 11 наурызындағы шешімімен енгізілген)*.
22. "Қазақстандық Ипотекалық Компаниясы" ЖАҚ қамтылған бірінші шығарылым облигацияларының шығарылым шарттары мен осы Әдістеменің 2 тармағының 9) тармақшасына сәйкес, әр жарты жыл сайын купонның мөлшерлемесі қайта қарастырылып, ал өтеуі номиналды құнымен жүзеге асатын, және сипаттамалары осыға ұқсас облигациялар, құбылмалы купонды облигацияларға жатады.
23. "ТЕМІРБАНК" ААҚ және "Альфа-Банк" Еншілес Банкі ААҚ облигацияларының бірінші шығарылымдарының шарттары мен осы Әдістеменің 2 тармағының 7) және 9) тармақшаларының талаптарына сәйкес, купон мөлшерлемесі әрқайсысына сәйкес

жылына бір рет немесе бір жарым жылда бір рет, ал өтеуі АҚШ долларының орта өлшенген бағамы бойынша индекстелінген номиналды құны бойынша жүзеге асырылады, осыларға сипаттамалары ұқсас облигациялар индекстелінген құбылмалы купонды облигациялар түріне жатады.

24. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі қысқа мерзімді ноталарының кірістілігі мен олармен жасалған мәмілелердің сомаларын есептегенде, Биржа "өтеуге дейінгі күнтізбелік күндердің нақты саны / есептік жылда 364 күн" уақыттық базасын қолданады.
25. МЕККАМ кірістілігі мен олармен жасалған мәмілелер сомасын есептегенде, Биржа "өтеуге дейінгі күнтізбелік күндердің нақты саны / есептік жылда 365 күн" уақыттық базасын қолданады.
26. 2001 жылдың 02 сәуіріне дейін шығарылған МЕОКАМ кірістілігі мен олармен жасалған мәмілелер сомасын есептегенде, Биржа "өтеуге дейінгі күнтізбелік күндердің нақты саны / есептік жылда 364 күн" уақыттық базасын қолданады.
27. 2001 жылдың 02 сәуірінен кейін шығарылған МЕОКАМ кірістілігі мен олармен жасалған мәмілелер сомасын есептегенде, Биржа "өтеуге дейінгі күнтізбелік күндердің нақты саны / есептік жылда 365 күн" уақыттық базасын қолданады. Мұнда кезек бойынша бірінші және кейінгі әр бір тақ жарты жылдық купондық кезеңдердегі күндер саны 182, ал екінші және одан кейінгі әр бір жұп жарты жылдық купондық кезеңде – 183 тең (*осы тармақ Биржа Басқармасының 2005 жылдың 07 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген*).
28. Осы Әдістеменің 24-27 тармақтарында аталған облигациялардан басқалардың кірістілігін және олармен жасалған мәмілелердің сомасын есептегенде, Биржа, әдетте, осы облигациялардың шығарылым шарттарымен белгіленген уақыттық базасын қолданады, бірақ, егер сауда-саттық жүйесін реттеуін оңтайландыру үшін қажет болса, одан шегінуіне құқылы. Негізгі уақыттық база ретінде Биржа "есептік айда 30 күн / есептік жылда 360 күн" уақыттық базасын қолданады. Мұнда қандай да бір даталар арасындағы күндер саны "еуропалық" деп аталатын алгоритм бойынша есептелінеді:
 - 1) әр бір дата "Жыл_n-Ай_n-Күн_n" сандық жиынтығымен көрсетілуі тиіс, мұнда "Жыл_n" көрсеткішінде 4 позиция, "Ай_n" – 2 позиция және "Күн_n" – 2 позиция болуы тиіс (мысалы, 01 қыркүйек 2002 жыл дегенді "2002.09.01" – деп көрсетеді);
 - 2) даталар арасындағы күндер саны келесідей есептелінеді:
$$Y \times 360 + M \times 30 + D, \text{ мұнда:}$$
 - Y – даталар арасындағы толық жылдар саны {Жыл₂ – Жыл₁ – 1} тең;
 - M – даталар арасындағы, Y көрсеткішін есептегенде ескерілген, толық айлар саны тең {(12 – Ай₁) + (Ай₂ – 1)};
 - D – Y және M көрсеткішін есептегенде ескерілген даталар арасындағы күндер саны {(30 – Күн₁) + Күн₂} тең.Мұнда егер Күн₁ 31 тең болса, онда (30 – Күн₁) 0 тең деп қабылданады, ал Күн₂ 31 тең болса, онда Күн₂ 30 тең деп қабылданады.
29. Осы Әдістеменің 7 және 12 тармақтарындағы ережеден тыс МАОКО, МЕИКАМ, МОИКАМ, МУИКАМ және МЕУЖКАМ болып табылады, олардың кірістілігі есептелінбейді, сауда-саттық жүйесіндегі олардың саудасы, сауда-саттыққа қатысушылары осы облигациялармен мәміле жасасуға берген өз өтінімдерінде белгілеген, әр бір облигацияның номиналды құнына қатысты "таза емес" бағаларымен пайыздық көрсеткішпен жүзеге асырылады (*осы тармақ Биржа Басқармасының 2003 жылдың 11 наурызындағы және 2005 жылдың 07 қаңтарындағы шешімдерімен өзгертілген*).